

**Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 18.09.2000 ж. N 388-І, Ішкі істер министрінің 27.09.2000 ж. N 520, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 18.10.2000ж. N 127 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қарашада N 1294 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2004 жылғы 30 қарашадағы N 216, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 726, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2004 жылғы 18 қарашадағы N 257-б бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 1-ші тармағы 13 ) тармақшасына сәйкес БҰҰЫРАМЫЗ:*

*2. "Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды табу және жұмысын тоқтату жөніндегі бірлескен шараларды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 388-І, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 27 қыркүйектегі N 520, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2000 жылғы 18 қазандағы N 127 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2000 жылғы 22 қарашадағы N 1294 тіркелген бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын...*

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Төрағасы*

*Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Ақпараттандыру және  
байланыс жөніндегі агенттігі  
Төрағасының м. а*

-----

"Мемлекеттік қажеттілік үшін радиожилік спектрін пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 652 P980652\_ қаулысын іске асыру және Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті органдардың заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі өзара іс-қимыл жасауы мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріп отырған Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары, Астана, Алматы қалалары, облыстар және көліктегі ішкі істер басқармалары, Бас басқармалары, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстардағы департаменттері тиісті қызметтердің осы Ережелермен таныстырылуын ұйымдастырсын және Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдардың заңсыз жұмысын айқындау және тыю бойынша өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қалқабаев Е.Ш.) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция департаментіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі-Ішкі әскерлер қолбасшысы	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
---	--	--

**Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру ЕРЕЖЕЛЕРІ**

*Ескерту. Мәтінде сөздер алмастырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2001.02.13. N 45 V011479\_ бұйрығымен.*

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөнінде бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Мемлекеттік қажеттілік үшін радиожиілік спектрін, пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 652 P980652\_ қаулысын орындау үшін және "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 851 P920851\_ қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Ережелер Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бөлімшелерінің (бұдан әрі - уәкілетті органдар) Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды (бұдан әрі - РЭҚ) айқындау және жұмысын тоқтату жөнінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережелерде келесі терминдер қолданылады:

1) радиобақылау - радиосәулеленуге техникалық бақылау жасау құрылғыларды инспекциялау, радиокедергілер көзінің қызметін, радиожиіліктерді пайдалану тәртібін, қызметтегі РЭҚ сәулелену параметрлеріне арналған стандарттар мен нормаларды бұзуды айқындау және тоқтату радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті жолымен, рұқсат етілген кедергілер деңгейі бар радиоэлектрондық құралдардың пайдалануын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі;

2) радиохабар - радиожиілік сигналын қалыптастыру және тарату;

3) лауазымды тұлға - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау басқармасының немесе аумақтық бақылау басқармасы қызметкері; <\*>

4) радиоэлектрондық құралдар - бір немесе бірнеше, радиотаратушы құрылғылардан немесе радиотаратушы және қабылдағыш құрылғылар мен қосалқы жабдықтардың қиыстырушыларынан тұратын (егер мұндай бар болса), радиотолқындарды беру немесе беру мен қабылдауға арналған техникалық құралдар;

5) заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдар - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті беретін тиісті рұқсат қағазынсыз пайдаланылатын РЭҚ; <\*>

6) радиобасу - РЭҚ қалыпты жұмыс істеуіне заңсыз пайдаланылатын

радиостанциялардың жұмысына тыйым салу мақсатымен оларды табу (айқындау) тіпті қиын болған немесе мүмкін емес жағдайда, кедергі жасайтын бөгеттер жасау жөніндегі іс-шаралар.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2001.02.13. N 45 V011479\_ бұйрығымен.

4. Уәкілетті органдар бөлімшелерінің өзара іс-қимылы заңдарды сақтау қағидалары негізінде құрылады және іс-шаралар өткізу барысында алынған мәліметтердің жасырын болуын қамтамасыз етуі керек.

## **2. Қызметті үйлестіру**

5. Уәкілетті органдардың қызметі Қазақстан Республикасының аумағында РЭҚ-дың заңсыз жұмысын айқындау және тыйым салу жөніндегі әрекеттерді келістіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетімен (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық басқармаларымен (бұдан әрі - Басқармалар) үйлестіріледі. < \* >

6. Комитет заңсыз пайдаланылатын РЭҚ туралы ақпараттарды жинау және талдауды қамтамасыз етеді, олардың Қазақстан Республикасы аумағындағы әрекетін айқындау және тыйым салу, жөнінде шаралар қабылдайды, алынған ақпаратты тиістілігіне қарай өкілетті органдарға таратады және олардың бұдан әрі өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

7. Радиохабарларда елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақ тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныстық әлеуетін беделін түсіруге бағытталған хабарлар айқындалған жағдайда Комитет бұл туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын, ал жасауға дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы хабарлар айқындалған жағдайда - Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын хабардар етеді.

## **3. Заңсыз пайдаланылатын РЭҚ-ды табу (айқындау) және оның жұмысын тоқтату тәртібі**

8. Заңсыз пайдаланылатын РЭҚ-ын табу (айқындау) ұсынылған ақпарат бойынша радиобақылау жүргізу жолымен, сондай-ақ Комитеттің өз бетімен оның мекен-жайына жеке және заңды тұлғалардан түсетін хаттар мен арыздар бойынша, уәкілетті органдармен, соның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің жедел іздестіру мүмкіндіктерін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Құқық бұзу фактісі Қазақ ССР-нің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 148, 149-шы баптарына сәйкес анықталады.

9. Заңсыз пайдаланылатын РЭҚ орналасқан орнын және оның иесін анықтаған кезде Комитеттің немесе Басқарманың лауазымды тұлғасы хаттама жасайды,

заңнамаға сәйкес бұзу дерегі жөніндегі мәліметтерге қосатын өзге құжаттарды жинайды және ресімдейді.

10. Заңсыз пайдаланылатын РЭҚ айқындау және тыйым салу жөнінде өзара бірлескен іздеу іс-шараларын жүргізу кезінде уәкілетті органдардың өкілдері радиобайланыстың олар пайдаланатын арналарына, осы үшін белгіленген шартты белгілермен шығалады.

11. Қажет болған жағдайда уәкілетті органдар Комитеттің лауазымды тұлғасына, заңсыз пайдаланылатын РЭҚ айқындау және оны алып қою жөніндегі функцияларын орындауына және қажетті материалдарды ресімдеуге жәрдем көрсетеді.

12. Ішкі істер бөлімінің оперативтік кезекшісі, оған Комитеттің қызметкері хабарласқан кезде тез арада құқық бұзу жасалған жерге полиция жасағын жібереді. Автокөлікте (радиостанциялар, радиоұзартқыштар) заңсыз пайдаланылатын РЭҚ тапқан кезде Комитет немесе Басқарма қызметкерлерінің заңды талаптарын бұзушылар, орындамаған жағдайда, көлік құралын ұстау жөніндегі шараларды қолдану және базалық станцияның орналасқан орнын анықтау мақсатында автокөлік иесі туралы мәліметтерді анықтау үшін ақпаратты жол полициясының кезекші бөліміне хабарлайды.

13. Мемлекеттік маңызы бар объектілердің орналасу ауданында заңсыз пайдаланылатын және осындай объектілердің қызметіне қатер төндіретін РЭҚ табылғанда немесе мәліметтер алынғанда Комитеттің немесе Басқарманың лауазымды тұлғалары туралы тез арада ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлайды, олардың оперативтік кезекшілері қажет болғанда тиісті шаралар қолдану үшін құқық бұзу жасалған жерге өз өкілдерін жібереді.

14. РЭҚ заңсыз қолданылуы мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіруі немесе адамдардың өміріне қауіп тудыруы мүмкін айрықша жағдайларда бұндай РЭҚ жұмысын радиоталқандау әдістерімен тоқтатуға рұқсат етіледі.

#### **4. Есепке алу және есеп беру**

15. Комитет радиобақылауды жүзеге асырады, арнайы журналда хабардың күні мен уақытын, жұмыс жиілігін, корреспонденттердің шартты белгілерін, хабардың мазмұны мен оның сипатын тіркейді. Радиобақылау қорытындысы (магниттік жазба және ақпаратты тіркеудің басқа тәсілдері) уәкілетті органдарын жұмысын қамтамасыз етуге ғана пайдаланылады және есеп беруші мәлімет болып табылмайды.

16. Заңсыз пайдаланылатын РЭҚ айқындау туралы барлық мәліметтердің алғашқы есепке алынуын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілеген тәртіппен Комитеттің органдары жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК